



ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘТІНДІ ТҮСІНУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛАЙ ДАМУҒА БОЛАДЫ? PIRLS мәтіндері негізінде мәтінді түсінуге үйретудің 5 негізгі қағидасы

1. Мағыналы және функционалды контексте оқу

Оқушылар оқу және түсіну дағдыларын дамыту олар үшін маңызды, құнды және пайдалы екенін түсінуі керек. Сондықтан оқу материалдары, оқу мақсаттары және оқу тәсілдері шынайы және іс жүзіндегі оқу тапсырмаларына ұқсас болуы керек.

2. Мәтінмен өзара терең әрекеттесу

Мәтін мазмұнымен өзара әрекеттесу оқушылардың мәтінді түсінуіне оң әсер етеді. Мазмұнды, атап айтқанда оқу мақсатына жетуге қажет ақпаратты талқылай отырып, оқушылар өздері бұрын соңды ойламаған жаңа идеяларға қол жеткізеді, ал бұл өз кезегінде мәтінді жақсырақ түсінуге көмектеседі.

3. Оқу стратегияларын үйрету

Мәтінді түсіну стратегияларын қолдану түсінуді жақсартудың тиімді әдісі бола алады. Стратегиялар кешені (төмендегі кестені қараңыз), әсіресе бір-бірімен үйлесімде қолданылған жағдайда, мәтінді түсінуге оң ықпал ететіні туралы дәлелдер бар.

4. Оқуды басқа пәндермен бірге үйрену

Басқа мектеп пәндері бойынша мәтіндерді оқи отырып, оқушылар жаңа білім мен сөздерді игеріп қана қоймай, оқу дағдыларын басқа мәтін түрлерін оқуда қолдануды үйренеді. Оқуды жазумен біріктіру мәтінді жақсырақ түсінуге, сондай-ақ жазу дағдыларын жақсартуға көмектесуі мүмкін.

5. Мәтінді түсінуді және сараланған оқытуды бақылау

Қалыптастырушы және жиынтық тесттер арқылы оқу дағдыларының дамуын бақылау мәтінді түсіну деңгейін және білім беру қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Сараланған оқытуды сөздердің мағынасы, оқу стратегияларын қолдану және мәтін құрылымы туралы нақты нұсқаулар беру арқылы жүзеге асыруға болады.

ТИІМДІ ОҚУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

- Болжау және оқу мақсаттарын қою
- Сұрақтар қою
- Мәтін мазмұнын визуализациялау
- Мәтін құрылымын ажырату

- Байланыс орнату
- Қорытындылау
- Түсінгенін бақылау және нақтылау

СЫНЫПТА ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

PIRLS әдеби мәтіні – *Шатырдағы гүлдер* әңгімесін оқып шығыңыз (авторы – Ингеборг Сигурдардоттир). Гунн әжей жаңа пәтерде өзін үйіндегідей сезіну үшін не істеді? Екі мысал келтіріңіз.

Егер...

Гунн әжей жасаған келесі екі әрекеттің бірі келтірілсе, жауап дұрыс болып саналады:

- Оның жануарларына қатысты әрекеттер
- Үйдің шатырына қатысты әрекеттер

Бұл оқиға не туралы?

«Шатырдағы гүлдер» — өз ауылынан қалаға көшуге мәжбүр болған Гунн әжей туралы әңгіме. Ол ауылын аңсайды және өзінің ескі фермасының мүмкіндігінше көп бөлігін, соның ішінде шатырдағы гүлдерді, шөптерді және тауықтарды жаңа пәтерге көшіріп әкелуді ойлайды. Оқиғаны оған қарама-қарсы тұратын көрші бала баяндайды. Ол әжейдің өзін үйіндегідей сезіну үшін жаңа үйін қалай жабдықтауға тырысқанын сипаттайды.

Бұл сұраққа жауап беру үшін оқушылар нені білуі немесе істеуі керек?

Оқушылар оқиғаның басынан бастап Гунн әжейдің ауылдағы үйін сағынғанын түсінуі керек. Ол шатырында шөптер мен гүлдер өскен ескі фермасын, сондай-ақ үй жануарларын сағынады. Оқиғаның соңында оқушылар Гунн әжей өзін әлдеқайда бақытты сезінгенін біледі. Олар осы оқиғаны Гунн әжейдің жаңа пәтерге тауықтарын әкеліп, шатырын шөппен жапқанын сипаттайтын мәтін бөлігімен байланыстыруы керек. Оқушылар Гунн әжей мұны оның жаңа үйі ескісіне барынша ұқсауы үшін жасағанын түсінуі керек. Осылайша, оның ауылдағы үйіне деген сағынышы басылады және мәселесі шешіледі.

Толық балл алған оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш):

63%

Жартылай балл алған оқушылардың пайызы ((халықаралық орташа көрсеткіш):

82%

Жартылай балл алған оқушылар әжейдің жаңа пәтерін өзін үйіндегідей сезінетіндей етіп жабдықтау үшін жасаған әрекеттерін ішінара түсінеді және көрсетілген әрекеттерінің біреуін ғана келтіреді.



ОҚУ САБАҚТАРЫНА АРНАЛҒАН ҰСЫНЫСТАР



Байланыс пен логикалық реттілікті орнату

Әңгімені қалай қорытындылау немесе мазмұндау керектігін дауыстап көрсетіңіз. Өртүрлі сұрақтар қойыңыз: «Алдымен не болды? Содан кейін ше? Неліктен әжей бұлай жасады?» және оқиғаларды дұрыс ретпен жазыңыз.

Қорытындылау

Мәтіндегі мәселе (әжейдің ауылдағы үйін сағынуы) және әжей ойлап тапқан өртүрлі шешімдер арасындағы байланысты атап өтіңіз, мысалы, кілт сөздермен және шағын сызбалармен схема жасауға болады. Келесі қадам — оқушыларға осындай сұрақтарды өз бетінше қоюға және өз сұрақтарына жауап бере отырып, оқиғаның мәнін қорытындылауға үйрету.

Топта өзара интерактивті әрекеттесу

Оқушылар жұп-жұппен немесе шағын топтарда жұмыс істей отырып, абзацты кезек-кезек мазмұндайды. Бір оқушы бір абзацты мазмұндағаннан кейін, топтың басқа мүшелері келесі абзацтарды қорытындылайды және өз сұрақтарына жауап бере отырып, мазмұндаманы қалай жақсартуға болатынын талқылайды.



Мониторинг және саралау

Мәтін бойынша жиі сұрақтар қою арқылы мәтінді мазмұндауда қиындықтарға тап болған оқушылар тобымен жұмыс жасаңыз. Мәтінді қорытындылау әлі де қиынға соғатын оқушыларға сабақты модельдеуді және сұрақтар қоюды жалғастырыңыз.

Мәтінмен терең әрекеттесу

Сағыныштың мағынасын түсіндіру үшін осы тақырып бойынша әңгіме құра аласыз және әжейдің сезімін оқушылардың өз тәжірибесімен байланыстыра аласыз. Олардың басынан үйіне оралғысы келген жағдайлар өтті ме? Осы кезде олар қандай сезімде болды?



Визуализация

Оқушыларға әңгімені жақсырақ түсінуге көмектесу үшін оқиғаның осы бөлігін бірнеше оқушыға ойнатып көріңіз және әжейдің сезімдері мен олардың оқиға барысында қалай өзгергені туралы сұрақтар қойыңыз.

Оқуға үйретуді басқа пәндермен біріктіру

Гунн әжейдің оқиғасын ауыл мен қала арасындағы айырмашылықтар туралы көбірек білу үшін бастапқы нүкте ретінде пайдалануға болады. Оқушыларды әжей жаңа пәтерінде өзін үйіндегідей сезіну үшін тағы не істей алатыны туралы ойлануға шақырыңыз. Оларға әжейдің оқиғасын аяқтау үшін мәселені шешудің басқа жолдарын қоса отырып, бір немесе екі абзац жазуды тапсырыңыз.

Мағыналы және функционалды контексте оқу

Берілген тақырыпқа қатысты әр түрлі мәтіндерді оқып, *сағыныш сезімі* тақырыбымен ұзақ уақыт бойы жұмыс жасаңыз. Оқушылар мәтінде берілген сезімдер мен шешімдерді салыстыра алады.



ҚОСЫМША АҚПАРАТ

PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study) — әр бес жыл сайын шамамен 60 елде өткізілетін төртінші сынып оқушыларының оқу сауаттылығын халықаралық зерттеу. PIRLS зерттеуінде оқушылар әртүрлі мәтіндер мен бірнеше нұсқасы бар және ашық сұрақтардан тұратын оқу бойынша тестілеуден өтеді. Тестілеумен қатар, оқушылар өздерінің оқу әдеттері мен оқуға деген көзқарастары туралы сұрақтардан тұратын сауалнама толтырады. Олардың ата-аналары, мұғалімдері мен мектеп директорлары да оқушылардың оқу контексті туралы мәлімет беру үшін сауалнама толтырады. IEA (Білім беру жетістіктерін бағалаудың халықаралық қауымдастығы) үйлестіретін PIRLS 2001, 2006, 2011, 2016 және 2021 жылдары өткізілді.

Бес негізгі қағида туралы толығырақ мына жерден оқуға болады: Bruggink, M., Swart, N., van der Lee, A. & Segers, E. (2022). *Putting PIRLS to use in classrooms across the globe*. IEA Research for Educators. Springer.

Мұғалімдерге арналған бұл буклет Expertisecentrum Netherlands және IEA серіктестігі негізінде жасалған. Буклет Marian Bruggink, Annelies van der Lee, and Eliane Segers IEA Research for Educators, *Putting PIRLS to Use in Classrooms Across the Globe* кітабына негізделген.

Мазмұны: Marian Bruggink (Expertisecentrum Netherlands),
Annelies van der Lee (Expertisecentrum Netherlands)

Дизайн: Jasmin Schiffer (IEA)

Буклет IEA жариялаған ағылшын тіліндегі нұсқадан бейімделді. Бейімдеуді «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ» жүзеге асырды. IEA осы бейімдеу мен түпнұсқа арасындағы кез келген дәлсіздіктер, олқылықтар немесе айырмашылықтар үшін жауап бермейді.



ҚОСЫМША ЗЕРТТЕУЛЕР

Berardo, S. A. (2006). *The use of authentic materials in the teaching of reading*. *The reading matrix*, 6(2). <https://readingmatrix.com/articles/berardo/article.pdf>

Bruggink, M., Swart, N., van der Lee, A. & Segers, E. (2022). *Putting PIRLS to use in classrooms across the globe*. IEA Research for Educators. Springer.

Graham, S., Liu, X., Bartlett, B., Ng, C., Harris, K. R., Aitken, A., Barkel, A., Kavanaugh, K., & Talukdar, J. (2018). *Reading for writing: A meta-analysis of the impact of reading interventions on writing*. *Review of Educational Research*, 88(2), 243–284. <https://doi.org/10.3102/0034654317746927>

Okkinga, M., Van Steensel, R., Van Gelderen, A., Van Schooten, E., Slegers, P. J. C., & Arends, L. R. (2018). *Effectiveness of reading-strategy interventions in whole classrooms: A meta-analysis*. *Educational Psychological Review*, 30(4), 1215–1239. <https://doi.org/10.3102/0034654317746927>

Pearson, P., Palincsar, A., Biancarosa, G., & Berman, A. (2020). *Reaping the rewards of the reading for understanding initiative*. *National Academy of Education*. <https://naeducation.org/reaping-the-rewards-of-reading-for-understanding-initiative/>

Pressley, M. (2006). *Reading instruction that works: The case for balanced teaching*. Guilford Press.

Shanahan, T., Callison, K., Carriere, C., Duke, N. K., Pearson, P. D., Schatschneider, C., & Torgesen, J. (2010). *Improving reading comprehension in kindergarten through 3rd grade: A practice guide (NCEE 2010-4038)*. National Center for Educational Evaluation and Regional Assistance, Institute of Education Sciences, U.S. Department of Education.

Swanson, E., Hairrell, A., Kent, S., Ciullo, S., Wanzek, J. A., & Vaughn, S. (2014). *A synthesis and meta-analysis of reading interventions using social studies content for students with learning disabilities*. *Journal of Learning Disabilities*, 47(2), 178–195. <https://doi.org/10.1177/0022219412451131>



IEA




EXPERTISECENTRUM
NEDERLANDS

TALDAU

Ұлттық зерттеулер және
білімді бағалау
орталығы

Шатырдағы гүлдер

Ингиборг Сигурдардоттир



Мен білетін бір әжей туралы айтып берсем бола ма? Анығында бұл біртүрлі қарт әйел күш пен қуатқа толы. Оның шын аты – Гунниона, бірақ мен оны Гунн әжей деп атаймын.

Біздің ауданға көшіп келгенге дейін ол қала сыртында тұрды. Оның ауылдағы үйі қуыршақтың үйі секілді болатын: терезелері кішкентай, шатырында шөп өсетін. Шатырда гүлдер де өсті!

Гунн әжей үйінде жалғыз тұрды, бірақ ол ешқашан жалғызсырамады, өйткені оның көптеген достары болды: сиыр, жеті тауық, екі қой және мысық.

Бір күні Гунн әжей ауырып қалды.


– Қорқатын ештеңе жоқ, бірақ сізге қалаға көшу керек, – деді дәрігер. – Мұнда жалғыз тұру ақылға қонымсыз. Мысалы, егер сіз аулада құлап, аяғыңызды сындырып алсаңыз, сиырыңыз мені шақыра алмайды ғой.

– Мен өз-өзіме қарай аламын! – деп жауап берді Гунн әжей. Бірақ содан кейін қалада мүмкін көңілдірек болар деп ойлады.

– Жаксы! – деді ол кенеттен.
– Мен қалаға көшемін.

Көп ұзамай ол фермасын сатып, біздің үйден пәтер сатып алды.

Бірақ ол жануарларын не істемек? Оларды өзімен бірге қалаға апара алмайды ғой, солай емес пе? Қуанышқа орай, көрші фермадағы адамдар оларға қарай тұруға қуана келісті. Дегенмен Гунн әжейге жануар-достарымен қоштасу қиынға соқты. Оның мұнайғаны сонша – ақыры мысығы Робертті өзімен бірге алып кетуге шешім қабылдады.



Гунн әжей барлық заттарын жүк көлігіне артып, көп ұзамай жаңа үйіне қарай жол тартты. Ол уайымдап, қаланы тезірек көруді армандады.

Мен де уайымдадым. Біздің қарама-қарсы пәтерге кім көшіп келетінін асыға күттім. Мүмкін, ол бірге ойнауға болатын бала болар. Бірақ бұл Гунн әжей болып шықты. Оның мысығы болғаны қандай жақсы!

Гунн әжей өзінің жаңа пәтерін қарап шыққаннан кейін аса қуанбады.

– Бұл сұмдық қой! – деді ол.

– Қабырғалары теп-тегіс және аппақ. Терезелеріне қараңыз! Олар тым үлкен! Содан кейін ол үнсіз қалды.

– Мен үйге қайтамын! – деді де, есікке бет алды.

Кенеттен ол «Роберт!» деп айқайлады, оның мысығы терезеден секіріп кетті!

– Уайымдамаңыз, – дедім мен асыға. – Ол жай балконға қарай секірді. Қараңыз!

Гунн әжей балконға қарай тұра жүгірді. Балконға кірген соң, Роберт туралы ұмытып кетті. Балкон үлкен еді, алыстан таулар, тіпті теңіздің бір бөлігі көрінді. Гунн әжей үйлердің төбесін емес, тек таулар мен аспанды көретіндей етіп еңкейді. Осыдан кейін ол осында қалуға шешім қабылдады.

Бірақ келесі күні мен оған заттарын шығаруға көмектесуге келгенде, ол әлі де мұңды болып көрінді.

– Жаныңызда үй жануарларыңыз жоқ болғандықтан мұңайып тұрсыз ба? – деп қызығып сұрадым.

– Ия, мен оларды сағындым, – деп күрсінді ол.

– Онда неге оларды әкелмеске? – деп сұрадым.



Гунн әжей маған көзін қысып, жымыды.

Келесі күні мен оған қонаққа барғанда, үйде ешкім болған жоқ. Гунн әжей қала сыртына автобуспен кетіп қалды.

Түнде мен баспалдақта қатты тықылдаған дыбыстан оянып кеттім. Бұл не болуы мүмкін? Әрине! Тауықтар! Олар лифтпен жүруге қорқатын болар!

Келесі күні таңертең мен Гунн әжейге тауықтарына жем беруге көмектестім.




– Мен өзімді үйіме оралғандай сезініп тұрмын, – деді ол. – Айналамда тауықтар қытқылдап жүр, ал егер мұқият қарайтын болсам, алыстағы таулар менің фермамның қасындағы таулар екенін елестету қиын емес. Бірақ мен жердің, шөптің иісін сағындым.

Кенет ол көзін кеңінен ашып, бойын түзеп алды. Гунн әжей жаңа бір нәрсе ойлап тапты.

– Тыңда, – деді ол. – Шатырда шөп өссе тамаша болар еді, қалай ойлайсың? Менің ойымша, біз ертең дүкенге баруымыз керек!

Біз дәл солай істедік.

Ал үйге оралған соң, Гунн әжей үйдің төбесіне шым кесектерін төседі. Оларды ұқыпты орналастырып, құлап қалмас үшін жақсылап бекітті.






Қазір Гунн әжей әлдеқайда бақытты. Ол қалада өзі үшін шағын ауыл бұрышын жасады. Қазір ол өзінің шатырындағы бақшасын ескі фермасынан кем көрмейді. Шатырда қайтадан гүлдер өсе бастады.

Гунн әжей мен білетін басқа адамдарға ұқсамайды. Оның қолынан бәрі келеді! Енді оны бір ғана нәрсе алаңдатады. Ол сиырды лифтке кіргізе ала ма?

1. Бұл оқиғаны кім баяндайды?

- Ⓐ әжей
- Ⓑ бала
- Ⓒ дәрігер
- Ⓓ фермер

2. Гунн әжейдің ауылдағы үйіне неғұрлым ұқсайтын үйді таңдаңыз.



3. Неліктен дәрігер Гунн әжейдің қалаға көшгені жөн деп шешті?

- Ⓐ өйткені ол достарынсыз өзін жалғыз сезінді
- Ⓑ ол жерде туыстарымен бірге тұру үшін
- Ⓒ өйткені ол енді жануарларына күтім жасай алмады
- Ⓓ өйткені ол жерде қажет болған жағдайда оған біреу күтім жасай алады

4. Гунн әжей қалаға көшкен кезде, оның жануарларына қарай тұруға кім келісімін берді?

- A көрші ферманың адамдары
- B дәрігер
- C Гунн әжейдің отбасы
- D Роберт

5. Гунн әжей жаңа пәтеріндегі қабырғалар мен терезелерді ұнатпады. Оның көңілі тағы не нәрсеге түсті?

- A Ол ауырды.
- B Ол мысығын сағынды.
- C Ол балконды ұнатпады.
- D Ол ауылдағы үйін сағынды.

6. Неліктен Гунн әжей мысығы терезеден секірген кезде айқайлап жіберді?





7. Балконға шыққан кезде Гунн әжей үйлердің төбесін емес, тек таулар мен аспанды көретіндей етіп еңкейді. Ол неге бұлай жасады?



8. Әңгімеден Гунн әжейдің суреті орналасқан жерді табыңыз. Неліктен Гунн әжей балаға көзін қысып, жымиды?



9. Гунн әжей жаңа пәтерде өзін үйіндегідей сезіну үшін не істеді? Екі мысал келтіріңіз.



1.



2.

2
1
0
8
9

1
0
8
9

2
1
0
8
9

10. Әңгіменің соңында Гунн әжей жаңа үйінде өзін қалай сезінді?




11. Әңгіме мына сөйлеммен аяқталады: "Ол сиырды лифтке кіргізе ала ма?"
Неге бұл сұрақ әңгіменің соңында қойылған?

- A) әңгімені қызықтырақ ету үшін
- B) әңгімеден қандай өсиет алуға болатынын түсіндіру үшін
- C) әңгімені шынайы ету үшін
- D) оқырманға не болғанын түсінуге көмектесу үшін

12. Баланың Гунн әжейге деген сезімі ол үйге алғаш көшіп келген кезде және әңгіменің соңында қандай болды? Оқығаныңызды пайдалана отырып, оның сезімін сипаттаңыз және оның сезімдері неге өзгергенін түсіндіріңіз.





13. Бұл әңгімеден нені білуге болады?

- Ⓐ Қарт адамдар жаңа жерге көшсе, ешқашан бақытты бола алмайды.
- Ⓑ Егер өзіңізбен бірге жаныңызға жақын нәрсені ала келсеңіз, жаңа жерде өзіңізді үйдегідей сезінуге болады.
- Ⓒ Жануарлар шулы болғанымен, олармен бірге өмір сүруге үйреніп кетуге болады.
- Ⓓ Балалар мен қарттар жақсы дос бола алмайды.

Шатырдағы гүлдер ресурстарын пайдалану бойынша нұсқаулық

Мәтінді түсіну

1-ресурстар жинағы



Кіріспе

Бұл ресурстар жинағы IEA жүргізетін PIRLS Мәтінді оқу және түсіну сапасын халықаралық зерттеу нәтижелеріне негізделген. Жинақ мәтінді түсінуге үйретудің ең озық тәжірибелерін қолдау мақсатында PIRLS материалдарын пайдаланады. Ол мұғалімдерге арналған «Оқушылардың мәтінді түсіну дағдыларын қалай дамытуға болады?» және IEA зерттеулер сериясына кіретін «Бүкіл әлем бойынша сыныптарда PIRLS тапсырмаларын пайдалану» кітабын толықтырады.

PIRLS Бостон колледжіндегі TIMSS & PIRLS халықаралық зерттеу орталығының басшылығымен 2001 жылдан бері әр бес жыл сайын өткізіліп келеді. PIRLS төртінші сынып оқушыларының мәтінді түсіну дағдылары туралы халықаралық деректер ұсынады. PIRLS 2016 зерттеуінде 50 ел мен 11 жеке аумақтан қатысқан оқушылар 12 түрлі мәтіннің екеуі бойынша оқыту тілінде тестілеуден өтті.

«Шатырдағы гүлдер» әңгімесінің үзіндісі мен оған қатысты тапсырмалар PIRLS 2016 зерттеуінің бір бөлігі болып табылады. Бұл мәтіннің мақсаты – әдеби тәжірибеге қол жеткізу. «Шатырдағы гүлдер» төртінші сыныпта бағаланатын негізгі оқу мақсаттары мен түсіну процестерін сипаттайтын PIRLS 2016 оқу тұжырымдамасына негізделген.

Мұғалімдерге арналған «Оқушылардың мәтінді түсіну дағдыларын қалай дамытуға болады?» брошюрасы «Шатырдағы гүлдер» әңгімесін түсінуге үйрету стратегияларына бағытталған. Мұғалімдерге арналған брошюра – бұл IEA зерттеулерінен іріктеліп алынған бағалау материалдарымен байланысты сыныптағы оқыту бойынша мұғалімдерге арналған қысқаша ақпараттық серия.

Стратегиялар туралы қосымша ақпаратты «Бүкіл әлем бойынша сыныптарда PIRLS тапсырмаларын пайдалану» кітабынан табуға болады, онда PIRLS деректерін пайдалана отырып, мәтінді түсінуді үйретуге арналған ресурстар берілген. Кітап мұғалімдерге оқушылардың оқу дағдыларын дамытуға көмектесетін практикалық нұсқауларды және PIRLS-қа қатысушы бес елде көптілді сыныптардағы оқыту бойынша мысалдарды қамтиды.

Авторлық құқық туралы ескерту: ұсынылған PIRLS материалдары тек коммерциялық емес, зерттеу және білім беру мақсатында оқу ресурсы ретінде немесе қалыптастырушы бағалау мақсатында пайдалануға арналған. Материалдарды коммерциялық мақсатта пайдалануға болмайды. © *Шатырдағы гүлдер*. Авторы – Ingibjorg Sigurdardottir. Иллюстрация – Brian Pilkington. Жариялаған – Mal Og Menning (www.malogmenning.is), 1985, автордың рұқсатымен көшірілді.

Қолданылуы

Берілген ресурстар топтамасының негізгі мақсаты – оқушылардың жетістіктері мен мәтінді түсінуге үйрету стратегиялары туралы түсінік беретін халықаралық оқу ресурсы ретінде мұғалімдерге қолдау көрсету. Оны сыныптағы оқыту процесіне және оқу іс-шараларына қосуға болады.

«Шатырдағы гүлдер» әңгімесі мен оған қатысты сұрақтар және кодтау бойынша нұсқаулықтар сыныптағы талқылаулардың бастапқы нүктесі бола алады. Кодтау нұсқаулығы бірнеше жауап нұсқасы бар және ашық типті сұрақтардың дұрыс жауаптарын, сондай-ақ кейбір жауап мысалдарын қамтиды. Әр сұрақ бойынша көрсетілген халықаралық және қазақстандық орташа мәндер 2016 жылы оқушылар үшін сұрақтардың қаншалықты қиын болғанын көрсетеді.

PIRLS 2016-да қолданылған халықаралық процедураларға негізделген тестілеу нұсқаулығы

Сыныпта мәтін үзіндісін және оған қатысты сұрақтарды пайдаланған жағдайда, төменде көрсетілген тестілеу уақыты мен процедураларын сақтауды, соның ішінде оқушыларға нұсқауларды оқып шығуды және тестілеу сессиясын бақылауды ұмытпаңыз.

Сізге келесі тестілеу материалдары қажет болады:

- «Шатырдағы гүлдер» әңгімесі мен оған қатысты сұрақтар
- Секундомер, таймер және сағат
- Қалам мен қарындаштар жинағы
- Тестілеуді еретерек аяқтаған оқушыларға арналған жұмыс дәптерлері және/немесе кітаптар

Тестілеудің тәртібі мен уақыты

Материалдарды дайындауға, таратуға және нұсқауларды оқуға кемінде 10 минут бөліңіз. Оқушыларға мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беруге 40 минут уақыт беріледі.

Оқушылар оқитын нұсқаулық:

- Бұл тестілеуде сіз әңгімені оқып, оқығаныңыз бойынша сұрақтарға жауап бересіз. Кейбір бөліктер сізге оңай, ал кейбіреулері күрделі болып көрінуі мүмкін.
- Сізден әртүрлі сұрақтарға жауап беру сұралады. Кейбір сұрақтардың бірнеше жауап нұсқасы болса, кейбір сұрақтарға қысқаша жауап беру қажет болады.
- Жауабыңызға сенімді болмасаңыз, ең сәйкес келетін жауапты таңдап, келесі сұраққа өтіңіз.
- Сұрақтарға жауап бергенде, дұрыс жауапты табу үшін оқыған үзіндіге қайта оралуға болады.
- Тестті орындауға 40 минут беріледі. Барлық сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз. Жауап бере алмасаңыз, келесі сұраққа өтіңіз.

Тестілеу сеансын бақылау

- Оқушылардың тестілеу нұсқаулары мен уақыт шектеулерін түсінгеніне көз жеткізіңіз. Осы мәселелер бойынша оқушылардың кез келген сұрақтарына жауап беруге болады.
- Тест сұрақтарының мазмұнына қатысты сұрақтарға жауап бермеңіз немесе белгілі бір тест сұрағы бойынша қандай да бір нақты ақпарат немесе жауап бермеңіз. Мұндай сұрақтарға ең жақсы жауап: «Кешіріңіз, мен сізге көмектесе алмаймын. Сұраққа өзіңіз жауап беруге тырысыңыз».
- Барлық электронды құрылғылар, соның ішінде ұялы телефондар, фото және бейнекамералар тестілеу кезінде бөлек жерде тұру керек.
- Оқушылар жұмыс істеп жатқанда, олардың нұсқауларды орындап, сәйкес бөлімдегі сұрақтарға жауап беріп жатқанына көз жеткізу үшін, сынып бөлмесін айналып өтіңіз.
- Егер оқушы тестілеуді ерте аяқтаса, ол қалған уақытты өз жауаптарын тексеру үшін пайдалана алады. Сондай-ақ қалған уақыт ішінде оған жұмыс дәптерлерін немесе кітаптар ұсынуға болады.

Кодтау бойынша ақпарат

Бұл бөлім кодтау нұсқаулығына, яғни әрбір сұрақ бойынша түсіну процесіне қысқаша шолу жасайды және оқушылардың жауаптарын қалай бағалауға болатыны туралы егжей-тегжейлі ақпарат береді. Бұл сондай-ақ 2016 жылы бүкіл әлемде және Қазақстанда оқушылар үшін қандай сұрақтардың күрделі болғанын көрсететін PIRLS деректерінен алынған ақпаратты қамтиды.

Кодтау нұсқаулығы оқушылар мәтінді оқып, ілеспе сұрақтарға жауап бергеннен кейін, оқушылармен кері байланыс орнатудың кілті бола алады. Кері байланыс бергенде, оқушылар жауап беруге қиналған сұрақтарды анықтау үшін, кодтау нұсқаулығын пайдаланыңыз. Күрделі сұрақтарды анықтаған соң, көңіл аударуды қажет ететін мәтінді түсінудің нақты процесін немесе процестерді анықтау үшін, кодтау нұсқаулығында берілген ақпаратты пайдалануға болады. Осы процестерді сыныпта қалай пайдалануға болатыны туралы стратегиялар мен ұсыныстар алу үшін, «Бүкіл әлем бойынша сыныптарда PIRLS тапсырмаларын пайдалану» кітабының 3-тарауына жүгіне аласыз.

Осы ресурстар жинағындағы ақпаратты мұғалімдерге арналған «Оқушылардың мәтінді түсіну дағдыларын қалай дамытуға болады?» брошюрасымен және «Бүкіл әлем бойынша сыныптарда PIRLS тапсырмаларын қолдану» кітабымен бірге пайдаланған жөн, өйткені олар мәтінді түсіну деңгейін жақсарту мақсатында пайдалануға болатын практикалық ақпарат пен стратегияларды қамтиды.

Егер сізге қосымша ақпарат қажет болса немесе PIRLS 2016-тапсырмаларының толық статистикасын көргіңіз келсе, келесі сілтеме арқылы өтіңіз: <https://timssandpirls.bc.edu/pirls2016/international-database/index.html>

Кодтау бойынша нұсқаулық

Ескеріңіз: БН аббревиатурасы сұрақ нөмірінен кейін бірнеше жауап нұсқасы бар сұрақтарды белгілеу үшін, ал АС аббревиатурасы ашық типті толық жауапты қажет ететін сұрақтарды белгілеу үшін қолданылады.

Шатырдағы гүлдер, 1-сұрақ (БН)

Процесс: Ақпаратты біріктіру және түсіндіру

Халықаралық орташа көрсеткіш: 78% дұрыс жауап берді

Қазақстанның орташа көрсеткіші: 80% дұрыс жауап берді

1. Бұл оқиғаны кім баяндайды?

Дұрыс жауап: В. бала

Шатырдағы гүлдер, 2-сұрақ (БН)

Процесс: Тікелей қорытындыларды тұжырымдау

Халықаралық орташа көрсеткіш: 78% дұрыс жауап берді

Қазақстанның орташа көрсеткіші: 74% дұрыс жауап берді

2. Гунн әжейдің ауылдағы үйіне неғұрлым ұқсайтын үйді таңдаңыз.

Дұрыс жауап: С.



Шатырдағы гүлдер, 3-сұрақ (БН)

Процесс: Тікелей қорытындыларды тұжырымдау

Халықаралық орташа көрсеткіш: 75% дұрыс жауап берді

Қазақстанның орташа көрсеткіші: 83% дұрыс жауап берді

3. Неліктен дәрігер Гунн әжейдің қалаға көшгені жөн деп шешті?

Дұрыс жауап: D. өйткені ол жерде қажет болған жағдайда оған біреу күтім жасай алады

Шатырдағы гүлдер, 4-сұрақ (БН)

Процесс: Анық түрде берілген ақпаратты табу

Халықаралық орташа көрсеткіш: 82% дұрыс жауап берді

Қазақстанның орташа көрсеткіші: 87% дұрыс жауап берді

4. Гунн әжей қалаға көшкен кезде, оның жануарларына қарай тұруға кім келісiмiн бердi?

Дұрыс жауап: А. көрші ферманың адамдары

Шатырдағы гүлдер, 5-сұрақ (БН)

Процесс: Тікелей қорытындыларды тұжырымдау

Халықаралық орташа көрсеткіш: 67% дұрыс жауап берді

Қазақстанның орташа көрсеткіші: 87% дұрыс жауап берді

5. Гунн әжей жаңа пәтеріндегі қабырғалар мен терезелерді ұнатпады. Оның көңілі тағы не нәрсеге түсті?

Дұрыс жауап: **D. Ол ауылдағы үйін сағынды.**

Шатырдағы гүлдер, 6-сұрақ (АС)

Процесс: Тікелей қорытындыларды тұжырымдау

Халықаралық орташа көрсеткіш: 56% дұрыс жауап берді

Қазақстанның орташа көрсеткіші: 57% дұрыс жауап берді

6. Неліктен Гунн әжей мысығы терезеден секірген кезде айқайлап жіберді?

1 – Қабылданатын жауап

Жауапта Гунн әжейдің айқайлау себебі туралы дұрыс қорытынды жасалады. Онда оқушы Гунн әжейдің терезенің сыртында балкон бар екенін білмегенін түсінгенін көрсетеді. Жауапта жай ғана оның білмегені туралы айтылуы да мүмкін.

Мысалдар:

- Әжей ол жерде балкон бар екенін білмеді.
- Өйткені ол биіктіктен құлайды деп ойлады.

Немесе жауап әжейдің мысығы жарақаттанып немесе өліп қалады деген қорқынышына байланысты болуы мүмкін.

Мысалдар:

- Ол мысығы құлап қалады деп ойлады.
- Ол мысығы бір жерге соқтығысып қалады деп қорықты.

0 – Қабылданбайтын жауап

Жауап Гунн әжейдің неге айқайлағанын дұрыс тұжырымдамайды. Онда оқушы Гунн әжейдің терезенің сыртында балкон бар екенін білмегенін түсінгенін көрсетпейді.

Мысалдар:

- Ол мысық қашып кетеді деп ойлады.
- Бұл оны қорқытты.
- Ол өз мысығын жақсы көрді.

Шатырдағы гүлдер, 7-сұрақ (АС)

Процесс: Ақпаратты біріктіру және түсіндіру

Халықаралық орташа көрсеткіш: Толық түсіну: 36%

Ішінара түсіну: 51%

Қазақстанның орташа көрсеткіші: Толық түсіну: 24%

Ішінара түсіну: 42%

7. Балконға шыққан кезде Гунн әжей үйлердің төбесін емес, тек таулар мен аспанды көретіндей етіп еңкейді. Ол неге бұлай жасады?

2 – Толық түсіну

Жауап оқушының сұрақты толықтай түсінгенін көрсетеді. Оқушы мәтіннің әртүрлі бөліктеріндегі ақпаратты біріктіру арқылы Гунн әжейдің таулар мен аспанға деген сезімін түсіндіреді. Жауап Гунн әжейдің балконындағы және оның ауылдағы үйінің терезесі алдындағы көрініс арасындағы байланысты көрсетеді. Онда оқушы Гунн әжей таулар мен аспанды көргенде ауылдағы үйін есіне түсіргені туралы жазуы мүмкін.

Мысалдар:

- Өйткені олар оның ауылын еске түсірді.
- Ол бұл тауларды оның фермасы маңындағы таулар деп елестетті.
- Ол фермасын сағына есіне алды.
- Себебі ол осыған дейін тұрған фермасын көргісі келді.

1 – Ішінара түсіну

Жауап оқушының Гунн әжейдің таулар мен аспанға деген сезімін жартылай түсінгенін көрсетеді. Оқушы өз жауабында балконнан қарап тұрған Гунн әжейдің қандай сезімде болғанын дәл сипаттауы керек немесе оның неге бұлай істегенін дұрыс түсіндіру керек. Алайда ол бұл сезімдерді әжейдің ауылдағы үйімен байланыстырмайды.

Мысалдар:

- Таулар өте әдемі еді.
- Осылайша ол қала сыртындағы нәрселерді көре алды.
- Оған үйлердің шатыры ұнамады.

0 – Түсінбеу

Жауап оқушылардың Гунн әжейдің таулар мен аспанға деген сезімін түсінбегенін көрсетеді. Оқушы Гунн әжейдің балконнан қараған кездегі сезімдерін дәл сипаттамайды немесе бұл сезімдерді ауылдағы үйімен байланыстырмайды немесе жай ғана сұрақты қайталайды.

Мысалдар:

- өйткені ол шаршады
- өйткені ол шатырлардың үстінен ештеңе көре алмады
- тек таулар мен аспанды көру үшін (Жауап сұрақтың сөздерін қайталайды.)

Шатырдағы гүлдер, 8-сұрақ (АС)

Процесс: Тікелей қорытындыларды тұжырымдау

Халықаралық орташа көрсеткіш: 64% дұрыс жауап берді

Қазақстанның орташа көрсеткіші: 55% дұрыс жауап берді

8. Әңгімеден Гунн әжейдің суреті орналасқан жерді табыңыз. Неліктен Гунн әжей балаға көзін қысып, жымиды?

1 – Қабылданатын жауап

Жауап Гунн әжейдің көзін қысу себебінің дұрыс түсіндірмесін береді. Онда оқушы осы кезде Гунн әжей жануарлардың тағы бір бөлігін қалаға көшіріп әкеле алатынын түсінгенін көрсетеді. Жауапта сондай-ақ әжейде идея немесе жоспар пайда болғанын немесе баланың оған жақсы ой салғанын түсінгені көрсетілуі мүмкін.

Мысалдар:

- Өйткені бала оған жақсы идея ұсынды.

- Онда жоспар пайда болды.
- Оған бұл ерекше идея болып көрінді. (ЕСКЕРТУ: «Ерекше» - бұл Гунн әжейдің баланың идеясына реакциясының дұрыс түсіндірмесі, себебі бұл оның идеядан бас тартқанын білдірмейді.)

Немесе жауапта жай ғана Гунн әжейдің баланың идеясымен келіскені көрсетілуі мүмкін.

Мысалдар:

- Ол: "Иә, мен дәл солай жасаймын" деп ойлады.
- өйткені ол бұның жақсы жоспар/идея екенімен келісті

Немесе жауапта оның тағы бірнеше жануарларын қалаға көшіріп әкелу идеясы берілуі мүмкін.

Мысалдар:

- өйткені ол өзінің үй жануарларын қалаға көшіріп әкелемін деп ойлады
- Ол өзінің тауықтарын көшіріп әкелуге шешім қабылдады.

Немесе жауапта әжейдің көзін қысып, жымыюына себеп болған баланың ұсынған идеясының дәл сипаттамасы берілуі мүмкін.

Мысалдар:

- өйткені ол әжейге неге жануарларын көшіріп әкелмеске деп айтты
- өйткені бала әжейге үй жануарларын қалаға көшірсе жақсы болар еді деді.

0 – Қабылданбайтын жауап

Жауап Гунн әжейдің неліктен көзін қысқанын дұрыс түсіндірмейді. Онда Гунн әжейдің сол сәтте идеясы немесе жоспары пайда болғаны туралы айтылмайды. Оқушы дұрыс емес немесе анық емес түсініктеме береді.

Мысалдар:

- оған бала ұнағандықтан
- Ол мұны нашар идея деп ойлады.
- өйткені ол қуанышты болды
- Әжей шатырға шөп төсеймін деп шешті. (ЕСКЕРТУ: Бұл әжейдің балаға көзін қысқан кезде пайда болған идеясы немесе жоспары емес.)
- алғыс білдіру үшін

Шатырдағы гүлдер, 9-сұрақ (АС)

Процесс: Анық түрде берілген ақпаратты табу

Халықаралық орташа көрсеткіш: Толық түсіну: 63%

Ішінара түсіну: 82%

Қазақстанның орташа көрсеткіші: Толық түсіну: 56%

Ішінара түсіну: 82%

9. Гунн әжей жаңа пәтерде өзін үйіндегідей сезіну үшін не істеді? Екі мысал келтіріңіз.

2 – Толық түсіну

Жауап Гунн әжейдің жаңа пәтерінде өзін үйіндегідей сезіну үшін жасаған іс-әрекеттерін толыққанды түсінгенін көрсетеді. Жауапта Гунн әжейдің төменде берілген кез келген екі іс-әрекеті көрсетіледі.

Мысалдар:

- Гунн әжей шатырға шөп төседі және тауықтарын пәтерге көшіріп әкелді.

- Ол өзімен бірге мысығын әкелді, содан кейін басқа да жануарларын алып келуге кетті. *(ЕСКЕРТУ: Мысықты және басқа жануарларын әкелу екі түрлі әрекет болып саналады.)*

1 – Ішінара түсіну

Жауап Гунн әжейдің жаңа пәтерінде өзін үйіндегідей сезіну үшін жасаған іс-әрекеттерін жартылай түсінгенін көрсетеді. Ол Гунн әжейдің төмендегі іс-әрекеттерінің біреуін ғана қамтиды.

Мысалдар:

- Ол қалаға өзінің мысығын алып келді.
- Ол шатырға шөп төсеп, гүл екті.
- Ол шатырға шөп төседі. Ол шатырға гүл екті. *(Ескерту: шатырға шөп төсеу мен гүлдер егу тек бір әрекет ретінде есептеледі.)*
- Ол шатырға гүл екті және еңкейген кезде тауларды көре алды. *(Ескерту: "тауларды көре алды" деген жауап есептелмейді.)*

0 – Түсінбеу

Жауап Гунн әжейдің жаңа пәтерінде өзін үйіндегідей сезіну үшін жасаған іс-әрекеттерін түсінбегенін көрсетеді. Онда Гунн әжейдің төмендегі іс-әрекеттерінің ешқайсысы көрсетілмейді. Жауапта Гунн әжейдің жаңа пәтерінде өзін ауылдағы үйіндегідей сезінуіне қатысы жоқ басқа әрекеттер сипатталуы мүмкін.

Мысалдар:

- Ол қалаға көшіп келді.

Немесе жауапта оның жаңа пәтерде өзін үйіндегідей сезіну үшін жасаған әрекетінің анық емес немесе сұрақты қайталайтын сипаттамасы болуы мүмкін.

Мысалдар:

- Ол оны өз фермасына ұқсатуға тырысты.
- Ол оларды өзімен бірге ала келді. *(«Оларды» деген сөздің нақты кімге қатысты айтылғаны белгісіз екенін ескеріңіз.)*

Гунн әжей жаңа пәтерінде өзін үйіндегідей сезіну үшін жасаған іс-әрекеттер

Гунн әжейдің жасаған екі әрекетін де есепке алу үшін, оқушы екі түрлі категориядан мысалдар келтіруі керек. Егер оқушы жауабында бір категорияға жататын екі мысал келтірсе, онда олар бір мысал ретінде есептеледі.

Жануарларға қатысты іс-әрекеттер

- Ол өзінің үй жануарларын алып келді. *(Оқушылар тауықтар туралы жаса да, жазбаса да болады.)*

Мысыққа қатысты іс-әрекеттер

- Ол өзінің мысығын алып келді. *(Бұл жауапты «Ол өзінің үй жануарларын алып келді» деген жауаптан өзгеше деп санауға болады, өйткені бұл оқиғалар әртүрлі кезеңде орын алды.)*

Үйдің шатырына қатысты іс-әрекеттер

- Ол шатырға шөп/гүл екті. *(Гүлдерді де, шөптерді де атап өтуге болады, бірақ олар тек бір іс-әрекет ретінде қарастырылады. Оқушы «Үйдің шатырын ауылдағыдай етіп жасау» деп жазса да болады.)*
- Ол өзімен бірге жердің иісін алып келді.

Шатырдағы гүлдер, 10-сұрақ (АС)

Процесс: Тікелей қорытындыларды тұжырымдау

Халықаралық орташа көрсеткіш: : 83% дұрыс жауап берді
Қазақстанның орташа көрсеткіші: 70% дұрыс жауап берді

10. Әңгіменің соңында Гунн әжей жаңа үйінде өзін қалай сезінді?

1 – Қабылданатын жауап

Жауапта әжейдің әңгіме соңындағы сезімі туралы тиісті тұжырым болады. Жауап әңгіменің соңында әжейдің өзінің жаңа үйі туралы жақсы әсер қалыптасқанын түсінгенін көрсетеді. B

Мысалдар:

- Ол өзінің үйіне оралғандай сезімде болды.
- Ол соңында пәтер өзіне ұнайды деп шешті.

0 - Қабылданбайтын жауап

Жауап әңгіменің соңындағы әжейдің сезімін дұрыс сипаттамайды. Жауапта оқушының әңгіменің соңында әжейдің жаңа үйі туралы жағымды әсер қалыптасқанын түсінгені көрсетілмейді. Онда тек қате ақпарат болуы мүмкін.

Мысалдар:

- Оған жаңа пәтері ұнамады.
- Ол үйін сағынды.
- Ол үй жануарларын сағынғандықтан, өзін бақытсыз сезінді.
-

Немесе жауап әжейдің сезімін дәл сипаттамай, әңгімедегі басқа оқиғаларды сипаттауы мүмкін.

Мысалдар:

- Ол шатырға шөп төседі.

Шатырдағы гүлдер, 11-сұрақ (БН)

Процесс: Мәтін мазмұны мен элементтерін сыни тұрғыдан бағалау

Халықаралық орташа көрсеткіш: : 59% дұрыс жауап берді
Қазақстанның орташа көрсеткіші: 58% дұрыс жауап берді

11. Әңгіме мына сөйлеммен аяқталады: "Ол сиырды лифтке кіргізе ала ма?"

Неге бұл сұрақ әңгіменің соңында қойылған?

Дұрыс жауап: А. әңгімені қызықтырақ ету үшін

Шатырдағы гүлдер, 12-сұрақ (АС)

Процесс: Ақпаратты біріктіру және түсіндіру

Халықаралық орташа көрсеткіш: Қанағаттанарлық түсінік және одан жоғары: 27%
Қазақстанның орташа көрсеткіші: Қанағаттанарлық түсінік және одан жоғары: 25%

12. Баланың Гунн әжейге деген сезімі ол үйге алғаш көшіп келген кезде және әңгіменің соңында қандай болды? Оқығаныңызды пайдалана отырып, оның сезімін сипаттаңыз және оның сезімдері неге өзгергенін түсіндіріңіз.

Жауап баланың Гунн әжейге деген сезімін немесе одан алған әсерін сипаттауы мүмкін. Гунн әжей көшіп келгенге дейінгі баланың сезімдері (мысалы, уайымдау) ол көшіп келгеннен кейінгі сезімдерге сәйкес келмейді.

3 – Кең түсінік

Толық түсіну үшін (3 балл) мәтіндегі идеяларды біріктіру арқылы баланың Гунн әжейге деген сезімінің ол алғаш көшіп келген кезде және әңгіменің соңында қандай болғанын, сондай-ақ оның әжейге деген сезімі неге өзгергенін түсіндіру қажет. Жауап Гунн әжей пәтерге алғаш қоныстанған кездегі баланың жағымсыз сезімдерін және әңгіменің соңындағы жағымды сезімдерін сипаттайды. Сондай-ақ жауап оқиғадағы сәйкес ақпаратты пайдалана отырып, оның сезімдері неге өзгергенін түсіндіреді.

Мысалдар:

- Басында оған әжейдің қарама-қарсы пәтерде тұратыны ұнамады. Кейін айналасында жануарлардың болғаны қандай жақсы екенін түсінгенде, ол Гунн әжейді жақсы көре бастады.

Немесе жауап баланың Гунн әжейге деген жалпы сезімін емес, алғаш рет көшіп келген кезде және әңгіменің соңында оған деген жанашырлық сезімін сипаттайды және бұл сезімдердің неге өзгергенін түсіндіреді.

- Алғашында ол Гунн әжейдің жануарларын сағынғанына қынжылды, бірақ кейін әжейдің қуанғанын көріп, ол да қуанды. Оның сезімі өзгерді, өйткені әжей өзінің үй жануарларын әкелді және оның әжейдің енді үйін сағынбайтынына көзі жетті. *(Баланың жанашырлық сезімі әңгімедегі оқиғалар арқылы дұрыс расталғанына мән беріңіз. Мұнда сезімдердің өзгеру себебі де жазылған.)*

2 – Қанағаттанарлық түсінік

Жауап баланың Гунн әжейге деген сезімін және олардың өзгеру себебін қанағаттанарлық деңгейде түсінгенін көрсетеді. Жауапта Гунн әжей алғаш көшіп келген кездегі баланың жағымсыз сезімдері және әңгіменің соңындағы жағымды сезімдері сипатталады. Алайда онда оның сезімдері неліктен өзгергені түсіндірілмейді немесе тек үстіртін түсіндіріледі.

Мысалдар:

- Ол көшіп келген балалар емес екенін білгенде мұңайды, бірақ әңгіменің соңында ол әжейді ұнатып қалды.
- Алғашында ол бұл жерге балалар көшіп келеді деп ойлап, қатты толқыды. Кейін әжей екенін білгенде көңілі түсті. Алайда әңгіменің соңында ол қуанышты болды.
- Ол үйге әжей көшіп келген кезде мұңайды, бірақ кейін әжейді ұнатып қалды, себебі оны жақынырақ танып білді. *(«оны жақынырақ танып білді» оның сезімдері неліктен өзгергенін үстіртін ғана түсіндіреді.)*

Немесе жауап оның сезімдерінің бірін ғана сипаттайды (Гунн әжей пәтерге алғаш қоныстанған кездегі оған деген жағымсыз сезімін НЕМЕСЕ әңгіменің соңындағы оған деген жағымды сезімін) және оның сезімдері неліктен өзгергенін түсіндіреді. Жауап жағымсыз сезімнен жағымды сезімге ауысу себебін түсінгенін көрсетпейді. Көбіне мұндай жауаптар әңгіменің соңындағы сезімдерді ғана сипаттайды және түсіндіреді.

- Ол әжейдің қолынан бәрі келеді деп ойлады, өйткені ол жаңа пәтерін ауылдағы үйіне ұқсайтындай етіп жасап алды.
- Ол әжейді әңгіменің соңында ұнатты, өйткені әжей жаңа үйінде бақытты болды.
- Балалар көшіп келеді деп үміттенгендіктен, оның көңілі қалды, алайда кейін оның ойы өзгерді, өйткені әжейдің қолынан бәрі келетініне көзі жетті.

Минималды түсінік

Жауап баланың сезімін жартылай (ішінара) түсінгенді көрсетеді. Жауапта оның әңгіменің басындағы Гунн әжейге деген жағымсыз сезімі НЕМЕСЕ әңгіменің соңындағы оған деген жағымды сезімі сипатталады.

Мысалдар:

- Әжей көшіп келгенде, оның көңілі түсті.
- Әңгіменің соңында әжей оған ұнап қалды.
- Әңгіменің басында бала әжейді біртүрлі деп ойлады. Әңгіменің соңында ол: «Оның қолынан бәрі келеді» – деді. *(ЕСКЕРТУ: жауаптың бірінші бөлігі дұрыс емес, бірақ жауап әңгіменің соңында баланың әжейге деген оң көзқарасын түсінгенін көрсетеді.)*

Немесе жауап баланың сезімінің өзгеру себебін ғана түсіндіреді, бірақ ешқандай сезімді сипаттамайды.

- Бала оның қолынан бәрі келетінін түсінді.

О – Қанағаттанарлықсыз түсінік

Жауап баланың сезімін дұрыс түсінбегенін көрсетеді. Ол баланың Гунн әжейге деген әңгіменің басындағы және соңындағы сезімін дәл сипаттамайды және олардың неліктен өзгергені туралы ешқандай түсініктеме бермейді. Немесе жауапта баланың сезімі сипатталады, бірақ олардың қай сәтке қатысты екені (Гунн әжейдің көшіп келген сәтіне немесе оқиғаның соңына) көрсетілмейді.

Мысалдар:

- Бала алғашында әжейді біртүрлі деп ойлады.
- Бала оған аяушылықпен қарады.
- Бала бақытты болды. *(ЕСКЕРТУ: сезім оқиғаның қай бөлігіне қатысты екені айтылмаған)*

Шатырдағы гүлдер, 13-сұрақ (БН)

Процесс: Мәтін мазмұны мен элементтерін сыни тұрғыдан бағалау

Халықаралық орташа көрсеткіш: 71% дұрыс жауап берді

Қазақстанның орташа көрсеткіші: 61% дұрыс жауап берді

13. Бұл әңгімеден нені білуге болады?

Дұрыс жауап: **В.** Егер өзіңізбен бірге жаныңызға жақын нәрсені ала келсеңіз, жаңа жерде өзіңізді үйдегідей сезінуге болады.

1-кесте. Шатырдағы гүлдер—1-сұрақ: Әңгімелеушінің тұлғасы

Сұрақ	Бұл оқиғаны кім баяндайды? a. әжей b. бала c. дәрігер d. фермер
Дұрыс жауап	b
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	78%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	80%
Түсіну процесі	Ақпаратты біріктіру және түсіндіру
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін оқушылар «Оның шын есімі Гунньона, бірақ мен оны Гунн әжей деп атаймын» деген сөйлемнен әңгімелеушінің кім екенін анықтай алуы керек. Балалар қарт әйелді "әжей" деп атайтыны анық. Немесе оқушылар: «Мүмкін, ол бірге ойнауға болатын бала болар» деген сөйлемнен әңгімелеушінің тұлғасын анықтаса болады.
Дидактикалық ұсыныстар	Егер оқушылар әңгімелеушіні анықтауға қиналса, олар өздерін әңгімелеушінің орнына қойып көрсе болады. Оқушы әңгімелеуші айтқан сөйлемдерді дауыстап оқиды. «Сонымен сіз бұл ханымды Гунн әжей деп атайсыз. Өзіңзді қандай адаммын деп ойлайсыз? Неге бұлай ойлайсыз? Жауабыңызды тексеру үшін әрі қарай оқиық» [стратегия: мәтін мазмұнын визуализациялау]. Сұрақтар қою арқылы оқушылар әңгімедегі әртүрлі кейіпкерлерді жақсырақ таниды. «Әңгімедегі «мен» деген кім? Неліктен «мен» пәтерге көшіп келетін адам бірге ойнауға болатын бала деп үміттенді? [стратегия: сұрақтар қою].

2-кесте. Шатырдағы гүлдер—2-сұрақ: Әжейдің ауылдағы үйі

Сұрақ	<p>Гунн әжейдің ауылдағы үйіне неғұрлым ұқсайтын үйді таңдаңыз.</p> <p>a.</p>  <p>b.</p>  <p>c.</p>  <p>d.</p> 
Дұрыс жауап	c
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	78%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	74%
Түсіну процесі	Тікелей қорытындыларды тұжырымдау
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін оқушылар мәтіннің мына бөлігін мұқият оқып шығуы керек: «терезелері кішкентай, шатырында шөп өсетін. Шатырда гүлдер де өсті!» Оқушылар осы ақпаратты суретке айналдыруы керек.
Дидактикалық ұсыныстар	Әңгімені талқылай отырып, мәтін мазмұнын бірге визуализациялаңыздар. «Мәтінде үйдің кішкентай терезелері болғаны айтылған. Қане, кішкентай терезелері бар үйдің суретін салып көрейік. Автор үйдің түсі туралы бірдеңе айтты ма? Жоқ. Сондықтан біз оның түсін білмейміз. Бірақ біз оның шатыры туралы бірнәрсе білеміз! Шатыры қандай?»

3-кесте. Шатырдағы гүлдер—3-сұрақ: Көшу себебі

Сұрақ	Неліктен дәрігер Гунн әжейдің қалаға көшгені жөн деп шешті? а. өйткені ол достарынсыз өзін жалғыз сезінді б. ол жерде туыстарымен бірге тұру үшін с. өйткені ол енді жануарларына күтім жасай алмады d. өйткені ол жерде қажет болған жағдайда оған біреу күтім жасай алады
Дұрыс жауап	d
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	76%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	83%
Түсіну процесі	Тікелей қорытындыларды тұжырымдау
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін оқушылар мәтіннің келесі бөлігін түсінуі керек: «Мұнда жалғыз тұру ақылға қонымсыз. Мысалы, егер сіз аулада құлап, аяғыңызды сындырып алсаңыз, сиырыңыз мені шақыра алмайды ғой». Оқушылар дәрігердің неліктен әжей қалаға көшуі керек деп есептейтіні туралы тұжырым жасай білуі керек: өйткені ол жерде көмек қажет болған жағдайда оған қарайласатын адамдар бар.
Бастапқы білім	Оқушылар қала мен ауыл тұрғындарының саны арасындағы айырмашылықты білуі керек.
Дидактикалық ұсыныстар	Оқушыларға мәтіннің осы бөлігін түсінуге көмектесу үшін, қала (әжей көшіп келген жер) мен ауыл (әжейдің туған жері) арасындағы айырмашылықты талқылау пайдалы болуы мүмкін. Мұғаліммен немесе жұп-жұппен бірігіп, Венн диаграммасын қолдану арқылы қала мен ауылдың айырмашылығы мен ұқсастығын көрсетуге болады. Тағы бір пайдалы әдіс – қала мен ауылдың ерекшеліктерін көрсететін кестені толтыру. Графикалық организерлермен бірлесіп жұмыс жасағанда, оқушылардың осы тақырып бойынша бастапқы білімін қайта жандандыруға және әжейдің қалаға көшу себебімен байланыстыруға болады [тығыз әрекеттесу].

4-кесте. Шатырдағы гүлдер—4-сұрақ: Жануарларға қарай тұруға кім келісім берді?

Сұрақ	Гунн әжей қалаға көшкен кезде, оның жануарларына қарай тұруға кім келісiмiн бердi? a. көршi ферманың адамдары b. дәрігер c. Гунн әжейдiң отбасы d. Роберт
Дұрыс жауап	a
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	83%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	87%
Түсiну процесi	Анық түрде берiлген ақпаратты табу
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшiн оқушылар келесi сөйлемдi табуы керек: «Қуанышқа орай, көршi фермадағы адамдар оларға қарай тұруға қуана келiстi». Ол жерде жануарларға күтiм жасауға кiмнiң келiсiм бергенi нақты көрсетiлген.
Дидактикалық ұсыныстар	Егер оқушылар осы сөйлемдi табуға қиналса, мәтiннен белгiлi бiр ақпаратты таба алмаған жағдайда не iстеу керектiгiн естерiне салыңыз. Олар мәтiннiң осы бөлiгiн қайта оқып, дұрыс жауапты таба алады [стратегия: түсiнудi бақылау және нақтылау].

5-кесте. Шатырдағы гүлдер—5-сұрақ: Әжей неге көңілсіз болды?

Сұрақ	Гунн әжей жаңа пәтеріндегі қабырғалар мен терезелерді ұнатпады. Оның көңілін тағы не нәрсе түсірді? a. Ол ауырды. b. Ол мысығын сағынды. c. Ол балконды ұнатпады. d. Ол ауылдағы үйін сағынды.
Дұрыс жауап	d
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	67%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	87%
Түсіну процесі	Тікелей қорытындыларды тұжырымдау
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін оқушылар мына сөйлемді түсіне білуі керек: «– Жаныңызда үй жануарларыңыз жоқ болғандықтан мұңайып тұрсыз ба? –деп қызығып сұрадым. – Ия, мен оларды сағындым, – деп күрсінді ол». Бұл үзінді оның үйін сағынғанын көрсетеді.
Бастапқы білім	Оқушыларға үйге деген сағыныш сезімі таныс болуы керек.
Дидактикалық ұсыныстар	Оқушыларға біреуді сағынған сәттегі сезімдерімен бөлісуге мүмкіндік беріңіз. Мысалы, бір жерде қонып қалған қалған немесе демалыста болған кездегі өз әсерлерімен бөлісіп көрсін. Олардың алыста болған кездегі сезімдері туралы әңгімелесіңіз. Оқушылардың сағыныш сезімін мәтіндегі әжейдің сезімімен салыстырыңыз [тығыз әрекеттесу; стратегия: байланыс орнату].

6-кесте. Шатырдағы гүлдер—6-сұрақ: Әжей неліктен айқайлады?

Сұрақ	Неліктен Гунн әжей мысығы терезеден секірген кезде айқайлап жіберді?
Дұрыс жауап	Жауапта Гунн әжейдің айқайлау себебі туралы дұрыс қорытынды жасалады. Жауап Гунн әжейдің терезенің сыртқы жағында балкон бар екенін білмегенін түсінгенін көрсетеді. Немесе жауап әжейдің мысығы жарақаттанып немесе өліп қалады деген қорқынышына байланысты болуы мүмкін.
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	57%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	57%
Түсіну процесі	Тікелей қорытындыларды тұжырымдау
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін оқушылар үзіндіні «Кенеттен ол айқайлады» деген жерінен «Ол жай балконға қарай секірді. Қараңыз!» деген жерінде дейін оқуы керек және осыдан, сондай-ақ әжейдің пәтерде тұратындығынан, оның мысығы құлап қалады деп ойлағандығынан және ол жерде балкон барын білмегендігінен қорытынды жасауы керек.
Сөздік қор	Оқушылар балконның не екенін білуі керек.
Дидактикалық ұсыныстар	Мәтіннің бұл бөлігін осы көріністі комикс түрінде бейнелеу арқылы визуализациялауға болады [стратегия: мәтін мазмұнын визуализациялау]. Оқиғаны визуализациялау кезінде осы көрініс пен әжейдің реакциясы туралы сөйлесіңіз [тығыз әрекеттесу]. Егер оқушыларға «балкон» сөзі таныс болмаса, оларға балкон түрлерінің суретін көрсетіңіз және қандай ғимараттарда балкон болатынын, онда не істеуге болатынын айтыңыз [бақылау және саралау].

7-кесте. Шатырдағы гүлдер—7-сұрақ: Әжей неге еңкейді?


Сұрақ	Балконға шыққан кезде Гунн әжей үйлердің төбесін емес, тек таулар мен аспанды көретіндей етіп еңкейді. Ол неге бұлай жасады?
Дұрыс жауап	Толық балл алу үшін оқушы мәтіннің әртүрлі бөліктеріндегі ақпаратты біріктіру арқылы Гунн әжейдің таулар мен аспанға деген сезімін түсіндіруі қажет. Жауап Гунн әжейдің балконындағы және оның ауылындағы көрініс арасындағы байланысты көрсетуі тиіс. Онда оқушы Гунн әжей таулар мен аспанды көргенде ауылдағы үйін есіне түсіргенін жазуы мүмкін. Жартылай балл алу үшін оқушы өз жауабында балконнан қарап тұрған Гунн әжейдің қандай сезімде болғанын дәл сипаттау керек немесе оның неге бұлай істегенін дұрыс түсіндіру керек. Алайда бұл сезімдер оның ауылдағы үйімен байланыста қарастырылмайды.
Толық балл алған оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	36%
Толық балл алған оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	24%
Түсіну процесі	Ақпаратты біріктіру және түсіндіру
Дағдылар	Толық балл алу үшін оқушылар әжейдің дәл осы көріністегі сезімін түсінуі керек. Олар «аса қуанған жоқ», «Бұл сұмдық қой!» және «ол үнсіз қалды» деген фразалар арқылы қорытынды жасай алады. Сондай-ақ оқушылар осы көріністегі соңғы сөйлем арқылы оның сезімінің өзгеруі туралы қорытынды жасауы керек («Осыдан кейін ол осында қалуға шешім қабылдады»). Олар осы сөйлемнен әжейдің таулар мен аспанды көргеннен кейін сағыныш сезімі басылғаны, өйткені бұл көрініс оның ауылдағы үйін есіне салғаны туралы ой тұжырымдауы мүмкін.

(жалғасы)

7-кесте. (жалғасы)

Дидактикалық ұсыныстар	<p>Егер оқушыларға осы көріністі түсіндіру және біріктіру қиын болса, әңгіменің осы бөлігін бір-екі оқушыға ойнатып көріңіз, сондай-ақ әжейдің сезімдері және олардың қалай өзгергені туралы сұрақтар қойыңыз. «Содан кейін ол үнсіз қалды». Сіздің ойыңызша, сол сәтте ол қандай сезімде болды? [стратегия: мәтін мазмұнын визуализациялау].</p> <p>Оқушыларды мәтін бойынша өз-өздеріне сұрақ қоюға ынталандыру оларға осы үзіндіні жақсырақ түсінуге көмектеседі. Оларға қандай сұрақтар қоюға болатынын және оларға қалай жауап беру керектігін айтыңыз. Мысалы: «Ол неліктен қалада қалуға шешім қабылдады? Мен ол үйін сағынып жүр деп ойладым. Таулардың көрінісі оның көңілін көтерді. Қызық, неліктен екен?» [стратегия: сұрақтар қою].</p> <p>Сұрақ құрастыруда көбірек қиналатын оқушылар тобымен жұмыс жасаңыз және оларға көбірек сұрақ қою мысалдарын келтіріңіз [бақылау және саралау].</p>
------------------------	--

8-кесте. Шатырдағы гүлдер—8-сұрақ: Әжей көзін қысып, жымиды.

Сұрақ	<p>Әңгімеден Гунн әжейдің суреті орналасқан жерді табыңыз.</p>  <p>Неліктен Гунн әжей балаға көзін қысып, жымиды?</p>
Дұрыс жауап	<p>Жауап оқушының осы кезде Гунн әжей жануарларының тағы бір бөлігін қалаға көшіре алатынын түсінгенін көрсетеді. Жауапта сондай-ақ әжейде идея немесе жоспар пайда болғанын немесе баланың оған жақсы ой салғанын түсінгені көрсетілуі мүмкін.</p>
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	64%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	55%
Түсіну процесі	Тікелей қорытындыларды тұжырымдау
Дағдылар	<p>Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін оқушылар әңгімелеушінің сұрағын («Онда неге оларды әкелмеске?») әжейдің бейвербалды жауабымен байланыстыруы керек. Бұл сұрақ әжейге ой салды. Оқушылар әрі қарай оқи отырып, оның қандай идея екенін біледі.</p>
Бастапқы білім	<p>Оқушылар ортақ құпияның немесе ерекше идеяның болуын білдіретін көзді қысу және жымия сияқты бейвербалды амалдардың мағынасын білуі керек.</p>
Дидактикалық ұсыныстар	<p>Біреуге «көз қысудың» мағынасын талқылаңыз және мәтінмен байланыстырыңыз. «Саған бұрын-соңды біреу көзін қысты ма? Неліктен адамдар бұлай жасайды? Әжей неге бұлай жасады?» [тығыз әрекеттесу]. Мәтіннің осы бөлігін дауыстап оқып, көз қысудың мәні туралы бастапқы біліммен қалай дұрыс байланыс орнатуға болатындығын модельдеңіз [стратегия: байланыс орнату]. Көз қысудың мағынасын түсінбеген балаларға күні бойы көзіңізді қысып көріңіз. Олармен көз қысудың мәнін қысқаша талқылаңыз [бақылау және саралау].</p>

9-кесте. Шатырдағы гүлдер—9-сұрақ: Әжей өзін үйіндегідей сезіну үшін, жаңа пәтерін қалай жабдықтады?

Сұрақ	Гунн әжей жаңа пәтерде өзін үйіндегідей сезіну үшін не істеді? Екі мысал келтіріңіз.
Дұрыс жауап	Жауапта әжей жасаған келесі іс-әрекеттердің кез келген екеуі келтіріледі: <ul style="list-style-type: none"> • Оның жануарларына қатысты іс-әрекеттер • Оның мысығына қатысты іс-әрекеттер • Оның шатырына қатысты іс-әрекеттер Жартылай балл алу үшін, жауапта аталған әрекеттердің біреуі ғана келтіріледі.
Толық жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	63%
Толық жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	56%
Түсіну процесі	Анық түрде берілген ақпаратты табу
Дағдылар	Толық балл алу үшін оқушылар мәтіннің соңғы бөлігін оқып, оны алдыңғы үзінділермен байланыстыру және Гунн әжей жаңа пәтерінде өзін үйіндегідей сезіну үшін жасаған екі іс-әрекетті көрсетуі керек. Оқушылар әжей тауықтарын алып келіп, үйдің төбесіне шым кесектерін төсегендіктен, оның жаңа үйі бұрынғы үйіне көбірек ұқсағанын түсінуі керек.
Дидактикалық ұсыныстар	Әңгімені қалай қорытындылау немесе баяндау керектігін оқушыларға дауыстап көрсетіңіз. Оқушыларды әңгімені өз бетінше мазмұндауға ынталандыру үшін, «Алдымен не болды? Ал одан кейін ше?» деген сұрақтарды қойып, оқиғаларды дұрыс ретімен жазыңыз. Схемалар арқылы мәтіндегі мәселе (үйді сағыну) мен әртүрлі шешімдер арасындағы байланысты көрсетіңіз. Келесі қадам – оқушыларды осындай сұрақтарды өз бетінше қоюға және оларға жауап беру арқылы оқиғаны қорытындылауға үйрету [стратегия: қорытындылау]. Сондай-ақ оқушылар жұпта немесе шағын топтарда жұмыс жасап, әңгімені кезек-кезек мазмұндай алады. Бір оқушы бір абзацты мазмұндап болған соң, басқа топ мүшелері оны толықтырып, жақсарту жолын талқылайды [тығыз әрекеттесу].

10-кесте. Шатырдағы гүлдер—10-сұрақ: Әңгіменің соңында Гунн әжей жаңа үйінде өзін қалай сезінді?

Сұрақ	Әңгіменің соңында Гунн әжей жаңа үйінде өзін қалай сезінді?
Дұрыс жауап	Жауап әңгіменің соңында әжейде өзінің жаңа үйі туралы жақсы әсер қалыптасқанын түсінгенін көрсетеді.
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	83%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	70%
Түсіну процесі	Тікелей қорытындыларды тұжырымдау
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін, оқушылар мәтіннің соңғы бөлігіндегі «Қазір Гунн әжей әлдеқайда бақытты» деген сөйлемді табуы керек. Бұл сөйлем әңгіменің соңында әжейдің қандай сезімде болғанын нақты көрсетеді. Оқушылар сондай-ақ мәтіннің соңына қарап, әжей енді өзін үйіндегідей сезінді деген қорытынды жасай алады.
Дидактикалық ұсыныстар	Мәтіннің соңғы бөлігін бірге қайталап оқысаңыз болады. Модельдеу арқылы оқушыларға мәтіннің қай бөлігінде жауап жасырынғанын көрсете аласыз [стратегия: түсінуді бақылау және нақтылау]. Немесе оқушылар жұп-жұппен әжейдің сезімдерін қысқаша талқылап, жауаптарын тұжырымдай алады. Барлық жауаптарды жинап, әжейдің сезімдерін топпен талқылаңыз. «Жеңіл сезіну», «өзін үйдегідей сезіну» және «бақытты болу» сияқты сезімдердің мағынасындағы айырмашылық туралы сөйлесіңіз [тығыз әрекеттесу].

11-кесте. Шатырдағы гүлдер—11-сұрақ: Әңгімедегі соңғы сөйлемнің мақсаты

Сұрақ	Әңгіме мына сөйлеммен аяқталады: "Ол сиырды лифтке кіргізе ала ма?" Неге бұл сұрақ әңгіменің соңында қойылған? a. әңгімені қызықтырақ ету үшін b. әңгімеден қандай өсиет алуға болатынын түсіндіру үшін c. әңгімені шынайы ету үшін d. оқырманға не болғанын түсінуге көмектесу үшін
Дұрыс жауап	a
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	59%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	58%
Түсіну процесі	Мәтін мазмұны мен элементтерін сыни тұрғыдан бағалау
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін, оқушылар бұл сөйлемді әзіл ретінде түсіндіре білуі керек.
Дидактикалық ұсыныстар	Егер оқушылар мұндай әзілді түсіндіруге киналса, алдымен бұл сөйлемнің мағынасы мен мақсатын талқылау ұсынылады. Осындай әзілдері бар бірнеше мәтінді жинап, автордың оларды қандай мақсатпен қосқанын түсіндірсе болады. Оқушылар өз бетінше әзіл құрастырып, мәтіннің соңына қоса алады. [тығыз әрекеттесу].

12-кесте. Шатырдағы гүлдер—12-сұрақ: Баланың сезімі қандай болды?

Сұрақ	Баланың Гунн әжейге деген сезімі ол үйге алғаш көшіп келген кезде және әңгіменің соңында қандай болды? Оқығаныңызды пайдалана отырып, оның сезімін сипаттаңыз және оның сезімдері неге өзгергенін түсіндіріңіз.
Дұрыс жауап	Толық балл алу үшін жауап мәтіндегі идеяларды біріктіру арқылы баланың Гунн әжейге деген сезімінің ол алғаш көшіп келген кезде және әңгіменің соңында қандай болғанын, сондай-ақ оның әжейге деген сезімі неге өзгергенін түсіндіру арқылы терең түсінгенін көрсетеді.
	Толық деңгейде түсінгенін көрсететін жауапта (3 балл) Гунн әжей алғаш қоныстанған кездегі баланың жағымсыз сезімдері және әңгіменің соңындағы оның жағымды сезімдері сипатталады. Бұған қоса, жауап оқиғадағы сәйкес ақпаратты пайдалана отырып, оның сезімдері неге өзгергенін түсіндіреді. Немесе жауап баланың Гунн әжейге деген жалпы сезімін емес, алғаш рет қоныстанған кездегі және әңгіменің соңындағы оған деген жанашырлық сезімін сипаттайды және олардың неге өзгергенін түсіндіреді. Қанағаттанарлық деңгейде түсіну үшін (2 балл) жауапта Гунн әжей алғаш көшіп келген кездегі баланың жағымсыз сезімдері және әңгіменің соңындағы жағымды сезімдері сипатталады. Алайда жауап оның сезімдері неліктен өзгергенін түсіндірмейді немесе үстіртін түсіндіреді. Немесе жауап оның сезімдерінің біреуін ғана сипаттайды және олардың неліктен өзгергенін түсіндіреді. Алайда жауапта сезімдердің жағымсыздан жағымдыға ауысу себебі көрсетілмейді. Минималды жауапта (1 балл) баланың әңгіменің басындағы Гунн әжейге деген жағымсыз сезімі НЕМЕСЕ әңгіменің соңындағы оған деген жағымды сезімі сипатталады.
Толық жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	27%
Толық жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	25%
Түсіну процесі	Ақпаратты біріктіру және түсіндіру
Дағдылар	Толық балл алу үшін оқушылар бүкіл оқиға барысындағы әңгімелеушінің (өзгерген) сезімін түсіндіре алуы керек. Мысалы, бірге ойнайтын баланың орнына әжей көшіп келген кездегі көңіл күйін түсіруі немесе әжейдің қолынан бәрі келетіндігін білген кездегі мақтаныш пен қуаныш сезімі.

<p>Дидактикалық ұсыныстар</p>	<p>Мәтінді дауыстап оқу арқылы баланың сезімін модельдеңіз. Мысалы: «Гунн әжей мен білетін басқа адамдарға ұқсамайды. Оның қолынан бәрі келеді!» - деген үзіндіні оқығанда, баланың сезімін былай модельдеуге болады: «Яғни, бала әжейдің қолынан бәрі келеді деп ойлайды. Ол әжейдің қазір оның қасында тұрып жатқанына қуанса керек. Немесе әжейдің қолынан бәрі келетіндіктен, ол оны мақтан тұтады. Мен мақтанатын едім!» [стратегия: байланыс орнату]. Оқушылар мұны жұп-жұппен де жасай алады. Біреуі мәтіннің бір бөлігін оқиды, ал екіншісі баланың не сезінетінін айтады. Оқушылар бірін-бірі толықтырады [тығыз әрекеттесу]. Мәтіннен баланың сезіміне қатысты сөздер мен сөйлемдерді тауып көрсету арқылы оның сезімін түсіну қиынға соққан жұптарға көмектесіңіз. Мәтіннің осы бөлігінен баланың сезімі туралы қалай қорытынды шығаруға болатынын модельдеңіз [бақылау және саралау].F</p>
-------------------------------	--

13-кесте. Шатырдағы гүлдер—13-сұрақ: Оқиғадан алынатын сабақ

Сұрақ	Бұл әңгімеден нені білуге болады? a. Қарт адамдар жаңа жерге көшсе, ешқашан бақытты бола алмайды. b. Егер өзіңізбен бірге жаныңызға жақын нәрсені ала келсеңіз, жаңа жерде өзіңізді үйдегідей сезінуге болады. c. Жануарлар шулы болғанымен, олармен бірге өмір сүруге үйреніп кетуге болады. d. Балалар мен қарттар жақсы дос бола алмайды.
Дұрыс жауап	b
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (халықаралық орташа көрсеткіш)	70%
Дұрыс жауап берген оқушылардың пайызы (Қазақстанның орташа көрсеткіші)	61%
Түсіну процесі	Мәтін мазмұны мен элементтерін сыни тұрғыдан бағалау
Дағдылар	Бұл сұраққа дұрыс жауап беру үшін оқушылар әңгіменің негізгі идеясын бағалауы керек. Бұл үшін олар әжей туралы бүкіл оқиғаны түсінуі керек.
Дидактикалық ұсыныстар	Оқушылар мәтіннен нені үйрене алатынын талқылаңыз. Алдымен, оқушылар «Басты кейіпкер оқиғадан не үйренер еді?» немесе «Егер сіз осы әңгіменің авторы болсаңыз, оқырманға қандай үндеу жасар едіңіз?» деген сұрақтары бар карточкаларды пайдалана отырып, мұны шағын топтарда талқылай алады және кейінірек өз қорытындыларын бүкіл топпен бөлісе алады [тығыз әрекеттесу]. Қоныс аударуға байланысты басқа да оқиғаларды Гунн әжейдің әңгімесімен байланыстырыңыз. Олар жаңа қоныстарын өздерін үйіндегідей сезіну үшін өзгертуге күш жұмсады ма? Олар мұны қалай жасайды? Бұл оқиғалардың әжейдің әңгімесіне қандай ұқастығы және айырмашылығы бар? Бұл жаңа оқиғадан не үйрендіңіз? [мағыналы және функционалды контексте оқу].